

Бородулиха ауданы Жерновка ауылдық округі Жерновка ауылының көшелерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Жерновка ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 5 қыркүйекте № 6139 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, 2018 жылғы 29 қарашадағы Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссияның қорытындысына сәйкес және халықтың пікірін ескере отырып, Жерновка ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бородулиха ауданы Жерновка ауылдық округі Жерновка ауылының көшелерінің атауы:

- 1) "Ленин" көшесі "Центральная" көшесі болып;
- 2) "Октябрьская" көшесі "Лесная" көшесі болып қайта аталсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Жерновка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің Шығыс Қазақстан облысының әділет Департаментінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Бородулиха ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;
- 3) оның ресми жарияланғанынан кейін осы шешімнің Бородулиха ауданы әкімдігінің интернет – ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

округ әкімі

Е. Деревянко